



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Многолетняя работа с детьми по уже сложившимся методикам дает право утверждать, что систематическое использование скороговорок на уроках иностранного языка позволяет улучшить произносительные навыки, поставить правильную дикцию и интонацию, сделать процесс обучения более увлекательным, а так же пробудить интерес к дальнейшему изучению языка.

Список использованных источников:

1. XXIV сессия АНК «Независимость. Согласие. Нация единого будущего».
2. Ожегов С. И. Словарь русского языка. – М.: Русский язык, 1990.
3. Смирнова М. В. Скороговорки в речевом тренинге, 2009.
4. Сухин И. Г. Веселые скороговорки для непослушных звуков. – Ярославль: Академия Развития, 2002.

УДК 378.147:811.111

ӘДЕБИ КІТАПТАР ОҚУҒА ДАҒДЫЛАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кудабаев Нурдаулет Алибекұлы

nuraga_90.03@mail.ru

«Шетел тілі: екі шетел тілі» кафедрасының 2 курс магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.М. Абдыхалыкова

Бүгінгі заман талабына сай бәсекеге қабілетті, жан-жақты білімді, өз білімін болашақта үлкен өмірде қолданып, жетістікке қол жеткізе алатын тұлғаны қалыптастыру, әрине, оңай іс емес. Ұстаздық жолға қадам басқан жас маман ретінде менде өз оқушыларымды білім нәрімен сусындатып келемін. Бұл жолда менің басты ұстанымым – ұлы француз ойшылы Жан Жак Руссоның «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» деген қанатты сөзі. Мен өз шәкірттеріме жалаң білім бергім келмейді. Сондықтанда, қанша уақытыңды сарп етсем де, нәтижелі білім беруге тырысамын.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет», - деген болатын [1]. Ал, сол болашақты терең түсіне алатын білімді ұрпаққа білім мен тәрбие беретін біз, ұстаздар. Яғни, мұнда білім саласы қызметкерлеріне жүктелер міндет те, олардан күтер үміт те зор екендігін байқауға болады. Еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, оған қоса адамгершілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, шындық, адалдық, үлкендерді құрметтей білу сияқты асыл қасиеттерді кітап оқу арқылы бойына сіңіретіндігін ұмытпауымыз керек. Балаларды көркем әдеби шығармаларды оқуға көбірек баулу және пайдалы оқуға дағдыландыру ең басты шарт болып табылады.

Дегенмен, бүгінгі күні өзгерістер қарқынының күшеюі, оқушылардың көбісінің қиялдары компьютерлік ойындарға ауып кетуі, бос уақытының көп бөлігін қажетсіз ойындар мен түрлі бағдарламаларды қарауға арнауы, сыныптан тыс әдеби кітаптарды оқуға деген қызығушылықтың төмендігі сынды жағдайлар – болашақ ұлт қалыптастырушыларын тәрбиелеуде ойландыратын өзекті мәселе.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбегіндегі «Мағжанның жүрек тебіренерлік мөп-мөлдір лирикасы, Мұхтардың көркем прозасы, Шоқанның барша әлемді таң қалдырған жаңалықтары, ұлы Абайдың түпсіз терең философиялық толғаулары сияқты ұлттық құндылықтарымыз әрбір адамның ішкі жан дүниесін рухани байытып, сана-сезімін шарықтата көтеретініне күмән келтіре алмайсың» деген салиқалы сөздері аталған өзекті мәселені шешуде бағыт сілтеп тұрғандай [2,125].

Қазіргі замандағы талапқа сай өскелең ұрпақтың ой-өрісін дамытып, алған білімдерін өз мүддесіне, қоғам қажеттілігіне қолдану, ел дамуына өзінің жеке үлесін қоса білетін білімді жастарды тәрбиелеудің бір жолы – көркем әдеби кітаптар оқуға баулу деп білемін. Өркениет биігіне жеткізетін құдіретті қару, ол – кітап. Кітап – тұнып тұрған даналық, білім, ақыл, тіл, мәдениет, тарих, сана, рух, ғылым, тәжірибе әлемі. Шекспир айтқандай, патшаның тағынан да қымбат дүние.

Балаға кітап оқытуды ерте жастан бастаған дұрыс. Өйткені жастайынан кітапқа құмар болып өскен бала, өскенде сол құдіретті қаруды өзі іздейтін болады. Кітап оқуды баланы ерте жастан баулу керек. Яғни, ерте жаста ертегі, әңгімелер, қызықты диалогтар оқудан бастаған жөн. Мен өз тәжірибемде 1,2 сыныптарда шағын ертегілер мен әңгімелерден, түрлі тақырыптағы диалогтар мен қысқа мәтіндер оқытудан бастап үйретудемін.

Кітап оқу арқылы біз балаға теңдесі жоқ рухани білім береміз, жақсылық пен жамандықты ажырата білуге үйретеміз, түсінгені бойынша өз ойын еркін жеткізе білуге мүмкіндік бере отырып, өзіндік тұлғалық бейнесінің қалыптасуына жағдай жасаймыз.

Мен қазақ тілі және орыс тілі пәні мұғалімдерімен біріге отырып өткен оқу жылында әдеби кітаптар мен шығармаларға сараптама жүргіздім. Ал, биылғы оқу жылында «Жанды классика»/«Eternally alive classic»/«Вечно живая классика» тақырыбымен авторлық бағдарлама құрдық. Бағдарламаны құрудағы басты мақсат – оқырмандардың рухани-адамгершілік қабілеттерін байытып, эстетикалық талғамын қалыптастыру және үш тілде мәдени мұраны ұғуға мүмкіндік жасау. Кітап оқу арқылы оқушылардың жан-жақты білім алуымен қатар, патриоттық рухта тәрбиеленуіне, саяси санасын қалыптастыруға, ғылыми, кәсіби, мәдени дәрежесінің дамуына жағдай жасаймыз.

Бағдарлама «100 кітап» жобасы шеңберінде құрылды. Сондай-ақ, бағдарламада оқырмандардың жас ерекшелігіне сәйкес әлемдік және еліміздің әдебиеттер тізімінен көркем туындылар мен шығармалар енгізілді.

Көркем әдебиетті оқу барысында оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулып, олардың белсенділіктерін арттыра түсу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

1. Оқушыларға белгілі тақырыпта әңгіме оқып, әңгімені басқаша аяқтауға кілт боларлық сюжет ұсыну;
2. Әңгіменің, ертегінің сюжетін бастап беру, аяқтауды оқушыларға тапсыру;
3. Көркем мәтіндерден үзінділерді ұжым болып оқу;
4. Басты кейіпкерлерге мінездеме, сипаттама беру;
5. Қиялдау арқылы сурет салғызу, көркем образдарды сомдау;
6. Өзекті тақырыптарда пікірталас жүргізу;
7. Өзі оқыған кітап немесе шығарманы жарнамалай алуға үйрету;
8. Оқыған шығарма бойынша эссе және мақала жазу;
9. Авторлық портрет (интервью, репортаж, презентация) жасау.

Осы аталған әдіс-тәсілдерді сабақта жүйелі қолдану арқылы оқушылардың сөйлеу қабілетін қалыптастыруға болады. Мысалы: әңгімені бастап беріп, әріқарай оқушыға өз шеберлігіне қарай аяқтауға ұсыну оқушыға еркін жұмыс жасауға, өз ойын жеткізуге, өзіндік тұлғалық қасиетінің қалыптасуына мүмкіндік береді. Білім алушыға өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік бергенде ғана біз үлкен нәтиже күте аламыз. Сондай-ақ, ең бастысы жасалатын жұмыстың мақсаты мен күтілетін нәтижесін анықтап алған жөн.

Әдеби кітаптарды оқытуда тиімділігі жоғары әдістің бірі – жарнамалау әдісі. Оқушы оқыған кітап жайлы топ алдында баяндама жасайды, өзінің кітаптан алған рухани білімімен бөліседі, кейіпкерлердің кейіпіне енеді және шығармадан алған әсерін жеткізеді. Бұл әдіс жарнама жасалған туындыны оқуға деген тыңдарманның қызығушылығын туғызып, әдеби кітап оқуға деген ерекше көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталған әдістерден бөлек басқада «Line Dictation», «Face to face» сияқты оқыту технологияларын қолданып, оқушылардың тілдік қабілетін және сөйлеу дағдысын жетілдіре аламыз.

Сонымен қорытындылай келе, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре отырып, еліміздің әлем елдерімен қатар тұруына өз үлесін қосар ұлтжанды, жаңашыл, ойы жүйрік,

коммуникативтік қабілеті жоғары жастарды тәрбиелеуде әдеби кітаптар оқуға баулудың орны ерекше. Осы тұста жасап жатқан еңбегім арқылы мен оқушыларға өз болашағын қалыптастыруға, бұл өмірде өз орынын табуға көмектесе алсам, ол менің ізденісімнің табысыты жемісі деп білемін.

Пайдалынылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, 12 сәуір 2017.
2. Н. Назарбаев. Тарих толқынында. –Алматы: Атамұра, 2003. – 125 б.

УДК 378.147:811.111

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қаламбай Ақниет Қаламбайқызы

a.k.kalambay@gmail.com

«Шетел тілі: екі шетел тілі» кафедрасының 4 курс студентті,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Е. Дарменова

Ежелгі заманнан бері шетел тілін зерттелетін елдің мәдениетіне сүйене отырып оқытқанда ғана тіл үйрену үдерісі толыққанды және жан-жақты болатындығы белгілі. XIX ғасырдың соңынан бастап мәдени ерекшеліктермен танысу білім беру процесінде ауызша сөйлеуді уйретумен маңызы жағынан бір қатарда тұр. Мәдениетаралық коммуникация бұл коммуникативтік актке қатысушы әртүрлі этникалық және мәдени топтар өкілдерінің бір-бірімен өзара түсіністікте қарым-қатынасуы. Осыған байланысты шет тілдерін оқытудағы мақсат, ең алдымен, мәдениеттердің өзара түсіністігін құру болып есептеледі. Оқушыларда әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру кезінде ағылшын тілінде сөйлеушілер әлемі туралы білім беру шынайы байланыс жасауда пайдалы болатынын ескеру қажет.

Н. Хомскийге сәйкес "құзырет" дегеніміз белгілі бір тілдік қызметті орындауға қажетті қабілет. Тиісті тілдік құралдар мен ережелерді біле отырып, шектелмеген көлемде сөйлемдерді құра және түсіне алатын адам құзыретті деп аталады.[1]

Әдестемелік терминдер сөздігінде көрсетілген анықтама бойынша әлеуметтік-мәдени құзыреттілік бұл шетел тілінде сөйлеуші адамдардың әлеуметтік және сөйлеу қылықтарының ұлттық-мәдени ерекшеліктері туралы білімдердің жиынтығы. Күнделікті қарым-қатынаста осы мағлұмат көздерін шетел тілі тасымалдаушыларының мінез-құлық ережелері, этикет нормалары, социалды жағдайлары мен стереотиптеріне сүйене отырып қолдану.[2]

Әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің мазмұнын төрт құрамдас бөлікте көрсетуге болады:

- 1) әлеуметтік-мәдени білімдер
- 2) қарым-қатынас тәжірибесі
- 3) өзге тілдің мәдени фактілеріне жеке көзқарас
- 4) тілді қолдану жолдарын білу(мәдениетаралық қарым-қатынастың әр түрлі салаларында ұлттық таңбаланған лексиканы адекватты пайдалану).[2]

Р.К. Миньяр-Белоручев шетел тілді елдің ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары жайлы тұтас және жүйелі ілімнің бар болуын әлеуметтік-мәдени құзыреттілік деп түсінеді.[3]

Н.Н. Салановичтың айтуынша, тіл үйретуді елтанумен үйлестіру оқушылардың үйренуге деген баға жетпес мотивациясын тудырады және мектептерде қазіргі білім берудің барлық 4 міндетін шешуге мүмкіндік береді. Оқушылар белгілі бір халықтың мәдениетін, тарихын және әдет-ғұрыпымен таныса отырып, сабақ барысында тілдік құралдарды қолдана